

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 122 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 30 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5332 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 7 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағының 11), 15) тармақшаларына, 49-бабына және "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 5), 6) тармақшаларына сәйкес инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік)

Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1. Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" пруденциалдық н о р м а т и в і б е л г і л е н с і н .

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің мәні күн сайын кем дегенде 1 к ұ р а у ға т и і с .

2. Қоса беріліп отырған Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесі б е к і т і л с і н .

3. Осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сарсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

6. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2008 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде "Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының есептілігін қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін жетілдіруді қ а м т а с ы з е т с і н .

7. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е.Л. Бахмутова

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

н а р ы ғ ы н

ж ә н е

қ а р ж ы

ұ й ы м д а р ы н

р е т т е у

м е н

қ а д а ғ а л а у

а г е н т т і г і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 2

т а м ы з д а ғ ы

№ 122 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі № 266 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3194 тіркелген, 2005 жылғы 14 қазанда "Заң газеті" газетінде № 190-191 (924-925) санында жарияланған).

2. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік

құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысы қосымшасының 9-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген).

3. Агенттік Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 266 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2005 жылғы 29 қазандағы N 388 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3944 тіркелген).

4. Агенттік Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 266 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 125 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4272 тіркелген).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж әне қ а р ж ы
ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у
а г е н т т і г і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 2 т а м ы з д а ғ ы
N 122 қаулысымен

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативті есептеу ережесі

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативті есептеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - инвестициялық портфельді басқарушылар) орындауына міндетті "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" пруденциалдық нормативін есептеу тәртібін белгілейді.

Бұл Ережелер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға таралмайды.

Осы Ереженің брокер мен дилердің аффилиирленген тұлғалары бөлігінде көзделген нормалар "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының аталған ұйымның дауыс беруші акцияларының жиырма бес және

одан артық пайызын тікелей (банктер бойынша - жанама) иелену нәтижесінде аффилирленген брокер мен дилер болып табылатын заңды тұлғалары мен оның аффилирленген тұлғаларына қолданылмайды.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 5 Қаулысымен.

1-тарау. "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" - пруденциалдық нормативін есептеу тәртібі

1. Инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K = (\Theta A - M) / MKTM, \text{ бұл жерде}$$

ΘA - осы Ереженің 3-тармағына сәйкес өтімді деп танылатын инвестициялық портфельді басқарушының өтімді активтері;

M - инвестициялық портфельді басқарушының жиынтық міндеттемелері ("репо" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "репо" ашу сәтіне қор биржасының ішкі ережелеріне сәйкес айқындалған "репо" объектісінің нарықтық құнының дисконт сомасы кіреді);

$MKTM$ - меншікті капиталдың жеткіліктілігінің есебіне қабылданатын, осы Ереженің 2-тармағына сәйкес есептелген инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының ең төменгі мөлшері.

2 . Е г е р :

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден аз болса, онда $MKTM = 20\ 000\ 000$ (жиырма миллион) теңге;

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден астам болса, онда $MKTM = 20\ 000\ 000$ (жиырма миллион) + (БҚА - 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге) * 0,0002, бұл жерде БҚА - басқаруға қабылданған активтер.

$MKTM$ барынша жоғарғы мәні 1 600 000 000 (бір миллиард алты жүз миллион) теңгеден аспауы керек.

Егер 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап:

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден аз болса, онда $MKTM = 90\ 720\ 000$ (тоқсан миллион жеті жүз жиырма мың) теңге;

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден астам болса, онда $MKTM = 90\ 720\ 000$ (тоқсан миллион жеті жүз жиырма мың) теңге + (БҚА - 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге) * 0,0007, бұл жерде БҚА - басқаруға қабылданған активтер.

МКТМ барынша жоғарғы мәні 1 600 000 000 (бір миллиард алты жүз миллион) теңгеден аспауы керек.
Егер 2010 жылғы 1 шілдеден бастап:

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден аз болса, онда МКТМ = 181 440 000 (бір жүз сексен бір миллион төрт жүз қырық мың) теңге;

басқаруға қабылданған активтердің құны 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңгеден астам болса, онда МКТМ = 181 440 000 (жүз сексен бір миллион төрт жүз қырық мың) теңге + (БҚА - 40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге) * 0,0014, бұл жерде БҚА - басқаруға қабылданған активтер.

МКТМ барынша жоғарғы мәні 1 600 000 000 (бір миллиард алты жүз миллион) теңгеден аспауы керек.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05. N 185 Қаулысымен.

3. Осы Ереженің мақсаты үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағасымен қоса "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың рейтингтік еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағаларын қабылдайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 N 265 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-1. Осы Ереже мақсаты үшін халықаралық қаржы ұйымдары болып мынадай ұйымдар түсіндіріледі:

Халықаралық қайта құру және даму банкі;
Еуропалық қайта құру және даму банкі;
Америкааралық даму банкі;
Халықаралық есеп айырысу банкі;
Азиялық даму банкі;
Африкалық даму банкі;
Халықаралық қаржы корпорациясы;
Исламдық даму банкі;
Еуропалық инвестициялық банкі;
Еуразиялық даму банкі.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 5 Қаулысымен.

4. Осы Ереженің қосымшасында көзделген мөлшерде инвестициялық портфельді басқарушының өтімді активтері ретінде мынадай активтер:

1) ақша, оның ішінде:
кассадағы ақша, инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде;
осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;
бағалы қағаздар орталық депозитарийінің шоттарындағы ақша;
Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» санатынан төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес – банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;
ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында операцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдарға банктік қызметті көрсететін резидент емес-ұйымдардың шоттарындағы ақша;

2) осы Ереженің Қосымшасында көрсетілген мөлшерде, ықтимал шығындарға резервтерді шегергендегі, мынадай талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын есепке алғанда):

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

РҚАО-ның ескертпесі!

Абзац 2013.01.01 дейін қолданыста болады.

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес - бас банктің еншілес резидент - банктері болып табылады;

банктер қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші және (немесе) екінші санатына енгізілген эмитент-банктері болып табылады;

3) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктердегі с а л ы м д а р ;

4) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы с о м а л а р ы н е с к е р г е н д е) ;

5) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

6) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;

7) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санаттарының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары ;

8) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

9) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «борыштық бағалы қағаздар» секторының «бірінші шағын санатының рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш сомасы мен есептелген сыйақыны ескергенде);

10) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, осы тармақтың 8), 9) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш сомасы мен есептелген сыйақыны ескере отырып) :

қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктердің бағалары бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейінгі кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданыстағы қаржылық есептіліктің стандарттарына (General Accepted Accounting Principles – GAAP) сәйкес жасайды ;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді ;

аудиторлық есеппен расталған борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды ;

соңғы екі жылдың біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза пайдасы аудиторлық есеппен расталған, соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды ;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес

ұйымның – борыштық бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сатылым мөлшері аудиторлық есеппен расталған, қаржылық есептілік деректері бойынша тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің бар болуы;

осы бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытында борыштық бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар қамтылмаған;

11) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

12) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

13) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары;

14) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

15) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzBB -»-тен төмен емес рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын

депозитарлық

қолхаттар;

16) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, қор биржасының ресми тізімінің «акциялар» секторының бірінші және (немесе) екінші санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық

қолхаттар;

17) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

18) тазартылған бағалы металдар және металл депозиттері;

19) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

20) инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын сомада шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген жұмысшылар мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі, инвестициялық портфельді басқарушысына қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде);

21) инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын сомадағы жылжымайтын мүлік түріндегі инвестициялық портфельді басқарушының негізгі қаражаты танылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 2012.01.30 № 20 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5. И нвестициялық портфельді басқарушы бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті біріктіріп атқарған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін біріктіріп атқаратын ұйымдар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 215 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген), қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (әрі қарай – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ерекшеліктерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 N 265 (

қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

6. И нвестициялық портфельді басқарушы осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша, осы Ереженің 12, 13-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша әрбір жұмыс күні пруденциалдық нормативтің есебін жүргізеді. Қағаз тасымалдағыштағы пруденциалдық нормативтің есебіне бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтер қол қояды, мөрмен куәландырылады және инвестициялық портфельді басқарушыда сақталады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Пруденциалдық норматив тоқсан сайын инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті орган нормативтік құқықтық актісіне сәйкес электронды тасымалдағышта ұсынған қаржылық және өзге есептілігінің негізінде уәкілетті о р г а н м е н е с е п т е л е д і .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 N 265 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-тарау. Пруденциалдық нормативтің есебі үшін пруденциалдық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі

8. Пруденциалдық нормативтің есебі үшін пруденциалдық нормативтің есебі мен қосымша мәліметтер (бұдан әрі - қосымша мәліметтер) осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсанның соңғы күнтізбелік күні үшін уәкілетті органға осы Ереженің қосымшасына сәйкес есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан к е ш і к т і р м е й ұ с ы н ы л а д ы .

9. Пруденциалдық нормативтің есебі қағаз және электронды тасымалдағышта б е р і л е д і .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Қосымша мәліметтер уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта б е р і л е д і .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Пруденциалдық нормативтің есебіндегі және қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

12. Пруденциалдық нормативтің есебін және қосымша мәліметтерді толтырған кезде пайдаланылатын өлшеу бірлігі мыңдық теңгеде белгіленеді. Бес жүзден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең немесе одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

13. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағышта инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтері қол қойып мөрмен куәландырылады және уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушы да сақталады.

Инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмей белгілі бір күнгі жағдай бойынша есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Электрондық тасымалдағыштағы қосымша мәліметтер және пруденциалдық нормативтерді есептеу ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар, ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін инвестициялық портфельді басқарушының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15-1. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты, инвестициялық портфельді басқарушы есептілікті ұсынған күннен

бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқарушы ұсынған есептілікте толық емес және (немесе) шынайы емес ақпаратты анықтаған кезде уәкілетті орган ол жайында инвестициялық портфельді басқарушыға хабарлайды. Инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті орган хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған есептілікті ұсынады.

Ескерту. Ереже 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16. "Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті" пруденциалдық нормативті бұзған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы бұзушылық болған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға пруденциалдық нормативті бұзу фактісі мен себептері туралы, оны жою шараларының жоспарын ұсына отырып хабарлайды.

3-тарау. Қорытынды ережелер

17. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

Инвестициялық портфельді
басқаруды жүзеге асыратын
ұйымдарға арналған пруденциалдық
нормативті есептеу ережесіне

қосымша

